Облигациялардың көрсетілген шығарылым бойынша шектеулерді (ковенанттарды) бұзу фактілері жоқ. Облигация ұстаушылармен сатып алу-сату шарты жасалмады

3. Облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер:

- | | |
|--|--|
| 1) Облигациялардың түрі | Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар. |
| 2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі) | 1 000 (бір мың) теңге (« Номиналды құн »). |
| 3) Облигациялар саны | 10 500 000 (Он миллион бес жүз мың) дана. |
| 4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі | 10 500 000 000 (Он миллиард бес жүз миллион) теңге. |
| 5) Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген купондық сыйақы бойынша төлем валютасы | Облигациялардың валютасы теңге болып табылады. Облигациялар бойынша Номиналды құн мен сыйақыны төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда теңгемен жүзеге асырылады.
Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе Номиналды құнды төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезде Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигацияларды ұстаушының банк шотына теңгемен жүргізілетін болады.
Облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе |

Номиналды құнды төлеу кезінде теңгені өзге валютаға (тек Еуро немесе АҚШ доллары) айырбастауға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда жол беріледі.

Еуроға немесе АҚШ долларына айырбастау тиісті төлем жүзеге асырылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе Номиналды құнды төлеу кезінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушының пайдасына теңгені Еуродан және АҚШ долларынан басқа өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушыға төленуге жататын сомадан ұсталатын болады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигацияларға ақы төлеу теңгемен қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі.

5. Облигациялар бойынша табыс табу:

1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі олардың айналысының бүкіл мерзіміне тиянақталған болып табылады және жылдық 5% (бес пайызды) құрайды.

2) Сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялардың айналыс мерзімінің соңында оларды өтеу кезінде облигациялардың номиналдық құнымен бір уақытта жүргізіледі.

3) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналыс басталған Күннен басталады.

4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі

Облигациялар бойынша сыйақы алуға Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша («Тиянақтау күні») Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар.

Бір Облигацияға купондық сыйақының мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$C = P * I * D / 360, \text{ мұндағы}$$

C - бір Облигацияға купондық сыйақының есептелетін мөлшері (теңге)

P – бір Облигацияның номиналдық құны

I – Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі

D - купондық сыйақыны төлеу жүзеге асырылатын күндер саны (жылына 360 күн және айына 30 күн

есебінен).

Үтірден кейінгі таңбалар саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу оны алуға құқығы бар Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен ақша аудару арқылы Тиянақталған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезде Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигацияларды ұстаушының банк шотына теңгемен жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезінде теңгені өзге валютаға (тек Еуро немесе АҚШ доллары) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда жол беріледі.

Еуроға немесе АҚШ долларына айырбастау тиісті төлем жүзеге асырылған күнгі ҚРҰБ белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушыға төленуге жататын сомадан ұсталатын болады.

Облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе Номиналды құнды төлеу кезінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушының пайдасына Еуродан және АҚШ долларынан басқа теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

5) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі

30/360 (бір айда отыз күн, жылына үш жүз алпыс күн).

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигацияларды шығару жобалық қаржыландыру мәмілесі шеңберінде жүзеге асырылмайды.

1) Ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсуінің шарттары мен болжамды мерзімдері

Қолданылмайды.

2) Облигацияны ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі

Қолданылмайды.

3) Арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты шығыстарының тізбесі	Қолданылмайды.
7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша көрсетіледі	Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигацияларды шығару жобалық қаржыландыру мәмілесі шеңберінде жүзеге асырылмайды.
1) Оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері	Қолданылмайды.
2) Оригинатордың қызметінің мәні, секьюритилендіру мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері	Қолданылмайды.
3) Бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі	Қолданылмайды.
4) Бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі	Қолданылмайды.
5) Секьюритилендіру мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар қамтылуға тиіс	Қолданылмайды.
6) Оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер	Қолданылмайды.
7) Секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы	Қолданылмайды.
8) Талап ету құқықтарының	Қолданылмайды.

біркелкілік өлшемдері

9) Облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі Қолданылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды орналастырудың басталу күні Облигацияларды орналастырудың басталу күні айналыс басталған Күн болып табылады.

2) Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні айналыс аяқталған Күн болып табылады.

3) Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы) Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жоспарланады.

9. Облигациялардың айналыс шарттары мен тәртібі:

1) Облигациялар айналысының басталу күні Облигациялар айналысының басталу күні («**Айналыстың басталу күні**») «Қазақстан қор биржасы» АҚ («**Биржа**») сауда жүйесінде облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады. Айналыстың басталу күні туралы хабарлама Эмитенттің веб-сайтында (www.kazagro.kz/web/acc) және Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады.

2) Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялар айналысының аяқталу күні («**Айналыстың аяқталу күні**») айналыс Мерзімінің соңғы күні болып табылады.

3) Облигациялар айналысының мерзімі Облигациялар айналысының айналыс Мерзімі айналыс басталған Күннен («**Айналыс мерзімі**») бастап 13 (он үш) айды құрайды.

4) Облигациялардың айналысы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы) Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарланады.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды өтеу күні Облигациялар айналыс аяқталған Күннен кейінгі күннен бастап қоса алғанда 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.

2) Облигацияларды өтеу тәсілі Облигациялар айналыс аяқталған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен ақша аудару арқылы Облигациялар бойынша соңғы сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Номиналды құны бойынша өтеледі.

Облигациялар бойынша соңғы сыйақы және Номиналды құн тізілімді тиянақтаудың соңғы Күніндегі жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезінде теңгені

өзге валютаға (тек Еуро немесе АҚШ доллары) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда жол беріледі.

Еуроға немесе АҚШ долларына айырбастау тиісті төлем жүзеге асырылған күнгі ҚРҰБ белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушыға төленуге жататын сомадан ұсталатын болады.

Облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе Номиналды құнды төлеу кезінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын Облигацияларды ұстаушының пайдасына Еуродан және АҚШ долларынан басқа теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялардың шығарылым проспектісіне сәйкес өзге де мүлдіктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі

Облигацияларды өтеу кезінде Облигациялар мен Номиналды құн бойынша сыйақы төлеу өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары;

Айналыс мерзімі ішінде Эмитент бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Облигацияларды сатып алуға құқығы бар.

Эмитенттің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу құқығын іске асырудың тәртібі мен шарттары Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады. Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында сатып алынған Облигациялар өтелді деп есептелмейді, Эмитент сатып алынған Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналыстың бүкіл мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған

күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны жариялау арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушыларға жеткізуге міндетті.

Жарияланатын ақпарат сатып алу туралы ұсыныс кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында ақпаратты орналастыру нормативтерінде белгіленген талаптардан басқа мыналарды қамтуы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алу мерзімдері;
- ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда - Облигацияларды ұстаушының Эмитентке сатып алу туралы жазбаша өтініш беру мерзімдері, сондай-ақ осындай жазбаша өтініште қамтылуға тиіс ақпарат; ұйымдастырылған нарықта сатып алған жағдайда - Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісі; және
- Эмитенттің Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалған сатып алудың өзге де шарттары.

2) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері

Облигацияларды ұстаушының Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзінде бар Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Облигацияларды сатып алуға жазбаша өтініш еркін нысанда жасалады, бірақ келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- сатып алуға жататын Облигациялардың саны және халықаралық сәйкестендіру коды;
- заңды тұлғалар мынадай мәліметтерді көрсетуі тиіс: толық атауы, мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың берілген күні және берген орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, банк деректемелері;
- жеке тұлғалар мынадай мәліметтерді көрсетуі тиіс: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні және берген орган, тұрғылықты жері, байланыс телефонының нөмірі, банктік деректемелері.

Жазбаша өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың айналыс Мерзімі өткеннен кейін өздерінде бар Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш белгіленген мерзімде алынған жағдайда, Облигацияларды сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімінде белгіленген мерзімдерге сәйкес, бірақ Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

12. Егер бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

2) Ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде эмитенттің әрекет еті тәртібі

Облигациялардың айналыс Мерзімі ішінде Эмитент мынадай шарттарды сақтауға міндетті (**«Қосымша ковенанттар»**):

- i Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;
- ii Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында белгіленген тәуелсіз аудитордың қорытындысымен жылдық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге;
- iii Облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаны 2021 жылдың 31 наурызына дейін қоса алғанда нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға;
- iv Эмитент Облигацияларды 2021 жылғы 31 желтоқсанда сатып алуға міндетті.

2.1. Проспектінің 12-тармағы 1-тармақшасының (i), (ii) тармақшаларында көрсетілген ең болмағанда бір Қосымша ковенант бұзылған кезде Эмитент оларды ұстаушылармен сатып алуға ұсынылған Облигацияларды сатып алуға міндетті.

Проспектінің 12-тармағы 1-тармақшасының (i), (ii) тармақшаларында көрсетілген ең болмағанда бір Қосымша ковенант бұзылған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларына Эмитенттің веб-сайтында (www.kazagro.kz/web/acc), Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz) бұзушылық жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық хабарламаны жариялау арқылы оларды бұзу фактісі туралы хабарлауға міндетті.

Хабарламада Облигация ұстаушылардың Эмитентке Облигацияларды сатып алу жөніндегі талаптарды бұзу себептері мен оларды ұсыну рәсімдері туралы толық ақпарат болуға тиіс.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтінішті белгіленген мерзімде алған жағдайда Эмитенттің Директорлар Кеңесі сатып алуға арналған жазбаша өтініштерді қабылдау үшін белгіленген мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мұндай шешімінде сатып алынатын Облигациялардың саны, сатып алу мерзімдері және есеп айырысу тәртібі туралы ақпарат болады.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Эмитенттің веб-сайтында (www.kazagro.kz/web/acc), Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы

хабарлауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін сатып алу осындай шешімнің шарттарына сәйкес, бірақ осындай шешім қабылдау туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Облигацияларды сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүзеге асырылатын болады.

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша келесі бағалардың ең көбі бойынша сатып алады:

- Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны ескере отырып, Номиналды құнға сәйкес келетін бағасы бойынша;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

2.2. Проспектінің 12-тармағы 1-тармақшасының (iii) тармақшасында көрсетілген Қосымша ковенант бұзылған кезде, Эмитент оларды ұстаушылар сатып алуға ұсынған Облигацияларды сатып алуға міндетті. Эмитент Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Биржаның сауда жүйесінде облигацияларды сатып алу жолымен Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады. Өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің сатып алуы барысында сатуды жоспарлаған Облигация ұстаушылары Облигацияларды Биржаның сауда жүйесінде Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Эмитентке сатуды жүзеге асырады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде Биржаның сауда алаңында мәміле жасалған күні қалыптасқан Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны ескере отырып, нарықтық құнын негізге ала отырып анықталады.

Облигацияларды сатып алуды Эмитент ұстаушылардың жазбаша талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

2.3. Проспектінің 12-тармағының 1-тармақшасының (iv) тармақшасында көрсетілген орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент міндетті түрде 2021 жылғы 31 желтоқсанда жүзеге асырады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде Биржаның сауда алаңында мәміле жасалған күні қалыптасқан Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны ескере отырып, нарықтық құнын негізге ала отырып анықталады.

3) Ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кездегі облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі

Эмитенттің Қосымша ковенанттардың кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылары Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz) Проспектінің 12-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Облигация ұстаушысы кемінде бір Қосымша

ковенанттың бұзылғаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзінде бар Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Облигацияларды сатып алуға жазбаша өтініш еркін нысанда жасалады, бірақ мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- сатып алуға жататын Облигациялардың саны және халықаралық сәйкестендіру коды;

- заңды тұлғалар мынадай мәліметтерді көрсетуі тиіс: толық атауы, мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың берілген күні және берген орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, банк деректемелері;

- жеке тұлғалар мынадай мәліметтерді көрсетуі тиіс: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган, тұрғылықты жері, байланыс телефонының нөмірі, банктік деректемелері.

Жазбаша өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың айналыс Мерзімі өткеннен кейін өздерінде бар Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) Облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

Қолданылмайды.

2) Облигацияларды айырбастаудың тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, ал айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Қолданылмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

Облигациялар бойынша міндеттемелер Эмитенттің толық немесе ішінара қамтамасыз етілген мүлкі болып табылмайды.

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып, шығарылған

Қолданылмайды.

<p>облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы</p>	
<p>2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы</p>	<p>Қолданылмайды.</p>
<p>3) кепіл затына өндіріп алуды қолдану тәртібі</p>	<p>Қолданылмайды.</p>
<p>15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері</p>	<p>Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.</p>
<p>16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы кезінде - концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары</p>	<p>Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.</p>
<p>17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мәні:</p>	
<p>1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары</p>	<p>Төтенше жағдайды енгізуден зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, агроөнеркәсіптік кешенде өндіру және қайта өңдеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерге айналым қаражатын толықтыруға 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге несиелер беру және несиелік желілер шеңберінде қаржыландыру.</p>
<p>2) инфрақұрылымдық облигациялардың шығарылымы кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі</p>	<p>Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.</p>
<p>18. Айналыс мерзімі өткен эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі,</p>	<p>Облигацияларға ақы төлеуді Эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүргізілмейді.</p>

облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

19. Облигацияны ұстаушыға берілетін құқықтар:

1) Эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнының ол бойынша тіркелген пайызын не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы

2) Эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы

Облигациялар оларды ұстаушыларға тең құқықтар береді, соның ішінде:

- Проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Номиналды құнды алу құқығын;
- Проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар бойынша сыйақы алу құқығын;
- Эмитенттің Проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды сатып алуға талап ету құқығын;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Облигацияларды еркін сату немесе өзгеше түрде иеліктен шығару құқығы;
- Биржаның заңдары мен талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Эмитент сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні қолданыста болатын ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелетін Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржа талаптарымен қарастырылған басқа да құқықтар.

Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы:

- Эмитент Проспектіге сәйкес Қосымша ковенанттарды бұзған жағдайда;
- «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабында белгіленген жағдайларда мынадай бағалардың ең көбі бойынша: (i) Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны ескере отырып, Номиналды құнына сәйкес келетін баға және (ii) Облигациялардың әділ нарықтық құны жағдайында:
 - .a Эмитент органының Облигациялар делистингі туралы шешім қабылдауы;
 - .b тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына беру бөлігінде листингтік талаптардың орындалмауы себебінен Биржаның Эмитент Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдауы;

Жоғарыда айтылған жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі туындаған кезде Эмитент Облигация ұстаушыларын Эмитенттің веб-сайтында (www.kazagro.kz/web/acc), Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны жариялау арқылы олардың туындау фактісі туралы туындаған

күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Хабарламада Эмитентке орналастырылған Облигацияларды сатып алу жөніндегі талаптардың туындау себептері мен оларды ұсыну рәсімдері туралы егжей-тегжейлі ақпарат қамтылуы тиіс.

Облигацияларды ұстаушының жоғарыда аталған жағдайлардың бірінің немесе бірнешеуінің туындауы туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзінде бар Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Облигацияларды сатып алуға жазбаша өтініш еркін нысанда жасалады, бірақ мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- сатып алуға жататын Облигациялардың саны және халықаралық сәйкестендіру коды;
- заңды тұлғалар мына мәліметтерді көрсетуі тиіс - толық атауын, мемлекеттік тіркелуді растайтын құжаттың берілген күнін және берген органды, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болса), орналасқан жерін, байланыс телефондарының нөмірлерін, банк деректемелері;
- жеке тұлғалар келесі мәліметтерді көрсетуі тиіс-тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), нөмірі, берілген күні және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, тұрғылықты жері, байланыс телефонының нөмірі, банктік деректемелері.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтінішті белгіленген мерзімде алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мұндай шешімінде сатып алынатын Облигациялардың саны, сатып алу мерзімдері және есеп айырысу тәртібі туралы ақпарат болады.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Эмитенттің веб-сайтында (www.kazagro.kz/web/acc), Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz). тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы хабарлауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін сатып алу осындай шешімнің шарттарына сәйкес, бірақ осындай шешім қабылдау туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Облигацияларды сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштерге сүйене отырып жүзеге асырылады. Жазбаша өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың айналыс Мерзімі өткеннен кейін өздерінде бар

3) Өзге құқықтар

Облигацияларды ұстаушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты құқықтан туындайтын өзге де құқықтары бар.

20. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:

1) Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы болатын оқиғалардың тізбесі

Эмитенттің Облигациялар бойынша дефолтқа әкеп соғатын оқиға Эмитенттің Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені және/немесе Номиналдық құнды Проспектіде айқындалған мерзімдер өткеннен кейін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады («**Дефолт оқиғасы**»).

Егер міндеттеменің орындалмау фактісі Эмитенттің Облигациялар және/немесе Номиналды құн бойынша сыйақыны уақтылы төлеуді жүзеге асыруына кедергі келтіретін Облигацияларды ұстаушылардың банк шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болса, не Орталық депозитарийдің Эмитентке Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің мерзімі өткен соң Облигацияларға және/немесе Номиналды құнға купондық сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ішінара немесе толық орындамауы дефолт оқиғасы деп танылмайды.

Эмитент Проспектіде бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен уақытша босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және басқалар) түсініледі. Мұндай мән-жайлар туындаған жағдайда төлемдерді жүзеге асыруға бөлінген мерзім осындай мән-жайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақытқа мөлшерлес болып ұзартылады.

2) Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитенттің тиісті органы Облигацияларды ұстаушылардың барлығының құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Дефолт оқиғасын жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (әкімшілік, заңдық, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдер кешенін білдіретін) әзірлейді және бекітеді.

Эмитент Проспектінің шарттарына сәйкес Облигацияларды ұстаушыларға төленуге тиісті кез келген соманы төлемеген жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне ҚРҰБ қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру

Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын болады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын болады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі.

3) Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигациялар ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын атап өту, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға қатысты жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент бұл туралы Облигация ұстаушыларын Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің веб-сайтында (www.kazagro.kz/web/acc), Биржаның веб-сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында (www.dfo.kz) хабарламаны жариялау арқылы дербес хабардар етуге міндеттенеді, ол мыналарды қамтуы тиіс:

- Дефолт оқиғасы туралы ақпарат;
- Дефолт оқиғасы басталған күнгі орындалмаған міндеттемелер көлемі;
- Дефолт оқиғасының басталу себептері;
- Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері;
- Эмитентке талаптармен, оның ішінде Облигацияларды сатып алу талабымен жүгіну тәртібі;
- Дефолт оқиғасы орын алған кезде Облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, оның ішінде міндеттемелер болған жағдайда оларды қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары;
- Дефолт оқиғасының басталуына байланысты Эмитент қабылдайтын шаралар;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

4) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (осындай тұлғалар болған кезде)

Қолданылмайды.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен

Купондық сыйақыны төлеу және Номиналды құнын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша ағындарының болжамы Проспектіге 1-Қосымшада ұсынылған.

ағындарының болжамы

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Облигация ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

1) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы

Қолданылмайды.

2) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері

Қолданылмайды.

3) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі

Қолданылмайды.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса)

Сыйақыны мен Номиналды құнды төлеуді Эмитент төлем агентінің қатысуынсыз дербес жүзеге асыратын болады.

1) Төлем агентінің толық атауы

Қолданылмайды.

2) Бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың нақтылы құнын) төлеуді жүзеге асыратын төлем агентінің және оның барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері

Қолданылмайды.

3) Төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі

Қолданылмайды.

24. Эмитент консультанттары туралы мәліметтер (Егер бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

1) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы

Толық атауы

«BCC INVEST»
Акционерлік қоғамы –
«Банк ЦентрКредит» АҚ
еншілес ұйымы

Қысқартылған
атауы

«BCC INVEST» АҚ - «Банк
Центр Кредит» АҚ ЕҰ

2) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері

Мекен-жайы

Қазақстан Республикасы,
050059, Алматы қ.,
Панфилов көшесі, 98
+7 (727) 244 32 32

Телефон

3) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және оның болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Эмитент пен «ВСС INVEST» акционерлік қоғамы-«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы арасында қол қойылған 2020 жылғы 25 қарашадағы №ТАЖ-251120 андеррайтер қызметін көрсету туралы шарт.

Қарма Төрағасы



Култаев Б. К.

Қосымша 1. Айналыс мерзімі өткенге дейін Облигациялар мен Номиналды құн бойынша сыйақы төлеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Ақша қаражатының кетуі (млрд. теңге)				
	2/2 жылдық 2020	1/2 жылдық 2021	2/2 жылдық 2021	1/2 жылдық 2022
Ағымдағы міндеттемелерді өтеу	96,83	48,93	125,60	36,56
Болжамды міндеттемелерді өтеу с.і.	-	-	31,50	-
оның ішінде 4-облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялардың 3-ші, 4-ші, 5-ші шығарылымын өтеу	-	-	30,0	
оның ішінде 4-облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялардың 3-ші, 4-ші, 5-ші шығарылымын өтеу			1,50	
Кредиттік ресурстарды беру көлемі	138,89	154,00	126,00	159,50
Дивидендтерді төлеу	16,03		16,33	
Өкімшілік шығындар	2,84	3,58	2,93	3,68
Кетіс қорытындысы	254,6	206,5	302,4	199,7

Ақша қаражатының ағыны (млрд. теңге)				
Ағымдағы берілген қарыздар бойынша % түсім	17,0	17,2	16,8	13,9
Ағымдағы берілген қарыздар бойынша НҚ түсімі	142,8	59,2	41,9	34,9
Болжамды берілген қарыздар бойынша НҚ түсімі және %	-	21,8	60,4	68,4
Жаңа қорландыру	91,1	148,0	100,4	184,6
ЖАО, ҚДЖ, ҰҚ	10,4	82,0	18,0	82,0
РБ	4,3		-	
ЗЭШ	55,5		22,4	47,6
ШОБ	9,0	21,0		
Нарықтық қарыздар	12,0	45,0	60,0	55,0
ЖКДҚ орналастырудан түсетін түсімдер	1,5	3,4	2,2	3,4
Ағын қорытындысы	252,4	249,6	221,8	305,2

	2/2 жылдық 2020	1/2 жылдық 2021	1/2 жылдық 2021	1/2 жылдық 2022
Ағыны	252,4	249,6	221,8	305,2
Кетуі	254,6	206,5	302,4	199,7
Айырмашылық	2,2	43,1	80,5	105,5
АНК АҚ қалдығы	69,2			
Жинақтаумен	67,0	110,1	29,6	135,1

Пронумеровано и прошнуровано

на 03 листах

Ассистент менеджер

Департамента казначейства

АО "Аграрная кредитная корпорация"

Жагіласов Ж. А.

